

**2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда Министрлігінің Инвестиция комитеті Төрағасының бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 шілдедегі N 54-п Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4330. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012.06.01 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 19-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда Министрлігінің Инвестиция комитеті Төрағасының "Инвестициялар мемлекеттік қолдауының кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2222 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және басқа мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, N 23-24, 850-бап) 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1 қосымша берілген редакцияға сәйкес ж а з ы л с ы н .

2. Осы бұйрық оны бірінші ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және сауда министрлігі  
Инвестиция комитеті төрағасының  
2006 жылғы 20 шілдедегі  
N 54-п бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және сауда министрлігі  
Инвестиция комитеті төрағасының  
2003 жылғы 18 наурыздағы

бекітілген 1-қосымша

**Инвестициялық преференцияларды алуға арналған өтінім**

<b>1. Инвестор туралы мәліметтер</b>		
1	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының атауы	
2	Заңды тұлғаны алғашқы мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі	
3	Заңды тұлға қайта тіркеуден өтті ме, айда (күні) және қандай негіздермен	
4	Пошталық мекен-жайы (заңды мекен-жайы, нақты орналасқан жері) Банктік реквизиттері	
5	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бірінші басшысы	<p>_____ (Аты - жөні)</p> <p>_____ (телефон, факс және электрондық поштасы)</p>
6	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының бас бухгалтері	<p>_____ (Аты - жөні)</p> <p>_____ (телефон, факс және электрондық поштасы)</p>
7	Инвестициялық жоба менеджері	<p>_____ (Аты - жөні)</p> <p>_____ (телефон, факс және электрондық поштасы)</p>
<b>2 . Инвестициялық жоба туралы мәліметтер</b>		
1	Инвестициялық жобаның атауы	
2	Жобаны іске асыру орны	
3	Инвестициялау үшін таңдалған қызметтің басым түрі (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы топтастырғыш бойынша 4 белгісі бар код көрсетілсін)	
4	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының тіркелген активтерге инвестициялардың көлемі	
5	Жобаны қаржыландыру көздері (меншік және/немесе заемдық қаражаттар)	
<b>3 . Инвестициялық жобаны жүзеге</b>		

асыру үшін қажетті инвестициялық преференциялар		
1	корпоративтік табыс салығы бойынша босату/ шегеру*	(мерзімі)
2	мүлікке салық бойынша босату	(мерзімі)
3	Инвестициялық жобаны іске асыру үшін қолданылатын жер участкесіне қатысты жер салығы бойынша босату	(мерзімі)
4	кедендік баж төлеуден босату	(жеңілдік сома, теңгеде)
5	мемлекеттік заттай грант	(не түрінде)

\* керек еместі сызып тастау

4. Өтінім сараптамасын ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ келісім-шартты дайындаған кезде инвестор Қазақстан Республикасы индустрия мен сауда министрлігінің Инвестиция комитетіне жан-жақты қолдау және жәрдем көрсетеді, сондай-ақ барлық қажетті ақпаратты ұсынады. Өтінім беруші инвестор өтінім және өтінім мен қоса берілген құжаттарда көрсетілген ақпараттың дәлдігіне кепілдік береді.

5. Өтінімге қосымшалар:

1) Инвестициялық жоба бойынша жұмыс бағдарламасының жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысымен бекітілген Модельдік келісім-шартқа 1 Қосымшаға сай);

2) кеден баждарын салудан босатылатын импортталатын жабдық пен оның жиынтықтауыштарының тізімі және көлемі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысымен бекітілген Модельдік келісім-шартқа 2 Қосымшаға сай).

6. Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

2) заңды тұлғаның статистикалық карточкасының нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

3) заңды тұлға жарғысының нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

4) инвестициялық жобаның уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сәйкес жасалған бизнес-жоспары;

5) жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құнын және тіркелген активтерді сатып алуға арналған шығындарды негіздейтін құжаттардың нотариаттық куәландырылған

к о ш і р м е л е р і ;

6) инвестициялық жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдіктерін белгілейтін, құжаттардың нотариаттық куәландырылған көшірмелері (инвестициялық жобаны өз қаражаты есебінен қаржыландырған жағдайда олардың бар екендігі туралы жазбаша растама қағазы қоса беріледі);

7) өтінім берген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы сұрау салған мемлекеттік заттай гранттың мөлшерін (құнын) және оны беру алдын ала келісілгенін растайтын құжаттар;

8) өтінім берілген тоқсанның алғашқы күніне арналған бухгалтерлік баланс;

9) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы тіркеу орны бойынша салық органының анықтамалары.

---

(Қазақстан Республикасы заңды  
тұлғасының бірінші  
аты-жөні)

---

(қолы, мөрі және күні)  
басшысының